Проведение археологической ревизии ранее задокументированных памятников историко-культурного наследия выявило факты нарушения границ памятников. В связи с чем оформлены и отправлены официальные письма в адрес акиматов (Кызылжарский, Айыртауский, Г. Мусрепова), с рекомендациями по устранению нарушений. Актуализирована информация по местоположению и состоянию объектов истории и культуры (Создание расширенной базы данных по задокументированным археологическим памятникам с предоставлением подробного описания, плана памятника с указанием охранной зоны, современной фотографией и нанесением объекта на карту с помощью ГИС-технологий).

Помимо этого, в рамках этого же проекта закончены аварийно-спасательные (охранные) археологические работы на историко-культурном объекте местного значения «Курган Березовский, ранний железный век», попадающего в зону застройки жилых домов микрорайона Солнечный-2 (пригорода г. Петропавловск). Данные работы были инициированы Центром в 2022 г. была раскопана только надмогильное сооружение – насыпь, диаметром 35 м и высотой 2 м. Исследование погребальной ямы было отложено в связи с наступлением зимнего периода.

В целом практический опыт сотрудников Центра говорит о том, что охранно-спасательные мероприятия по отношению к памятникам и объектам археологии следует организовывать с привлечением широкого круга специалистов, юридических и физических лиц, деятельность которых в той или иной степени сопряжена с объектами историко-культурного наследия.

**Ж.К.Диярова**  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК  
Атырау қаласы, Сарайшық ауылы, 060707

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім  
министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық  
қаржыландыруы бойынша № АР19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы  
Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)»  
жобасы аясында дайындалды.

**Ортағасырлық Сарайшық зерттеушісі – В.В.Плахов**

Алтынордалық Сарайшық қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген археологтар арасында ресейлік Вячеслав Васильевич Плаховты ерекше атауға болады.

В.В. Плахов 1948 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Василий Николаевич инженер құрылысшы, анасы Лия Ивановна экономист. Жас кезінен бастап В. В. Плаховтың тарихқа деген қызығушылығы ерекше болды. Мектеп оқушысы болған кезін талай рет археологтардың тиындар, археологиялық олжалардың табуының куәгері болған. Бұл оқиғалар оның ғасырлар бойы бұрынғы ұрпақтардың өмірі туралы ақпарат, табылған заттардың тарихы туралы мүмкіндігінше көбірек білуге деген ықыласын тудырды. Әкесінің жұмыс бабы бойынша әр қалаларда болған кезінде, энтузиасттерді тауып, олармен өткен өмір беттерін бірге қалпына келтіріп отырған. Сол кездегі атқарылған жұмыс нәтижелерін конференцияларда және баспасөз беттерінде жариялаған.

1974 жылы Астрахань балық өнеркәсібі және экономика институтын тәмамдап, инженер-механик мамандығын меңгереді. Бұл мамандықты аяқтаса да, тарихқа деген қызығушылығы басым болды. Кейін армандаған мамандығымен жұмыс жасау үшін, Астрахань педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1985 жылы тарих мамандығын тәмамдайды. Осылай өзінің бала кезгі арманына нық қадам басады.

Жас, жігерлі студент кезінде жаз айларында белді археологтар Г.А. Федоров-Давыдов, Н.М.Булатов, В.Дворниченколармен бірге Алтын Орданың ежелгі астанасы Сарай қаласын (Астрахань облысындағы Селитренное елді мекені) зерттеу бойынша Ресей Ғылым академиясы Археология институтының Еділ бойы экспедициясына қатысады. Бұл үлкен ғылымға алғашқы қадамдар болды. Кейін тәлімгелерімен бірнеше рет бірлескен экспедицияларға қатысады. Түрлі ғылыми жұмыстарға араласады.

Еңбек жолын 1978 жылы Астрахан қорық-музейінде бастап, ғылыми қызметкері болып жұмысқа орналасады.. Бұл кезде оның екі ғылыми қызығушылығы болады: біреуі, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ерте көшпенділер сармат қоғамының тарихы болса, екіншісі Жошы Ұлысы (Алтын Орда) мемлекеті қалаларының тарихы. 1984 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Астрахань қорық музейінің археологиялық зерттеу бөлімін басқарып, музейдегі археологиялық экспедициялардың жетекшісі болып қызмет атқарады. Сол тұста оның тікелей қатысуымен Төменгі Еділ

бойындағы Астрахань облысындағы Косика ауылы маңындағы сармат көсемінің ең бай кешені зерттеледі.

Сондай –ақ 1987-1988 жылдары Астрахан облысы Красноярск районы Комсомольский поселкісінде қазба әуымбарыарысында 45 жерлеу орындарын ашты, оның екеуі скиф кезеңіне тиесілі болды. Нәтижесінде В.В Дворниченко, М.А. Очир Горяевамен бірлесе «Погребения ранних кочевников из Нижнего Поволжья» атты ғылыми мақаласы жарық көреді. Мақалада Төменгі Еділ бойынан скиф дәуіріндегі екі жерлеу түрлері жарияланған. Бұл жерлеуде біреуі ер адамға, екіншісі әйел адамға тиесілі болса да, олардың жерлеу ғұрпы бірдей болғандығын, және осы екі кешеннен табылған жәдігерлерге анықтама береді [1].

Астрахань музейін экспедициясы жұмыстарында жүрген кезінде, оның басты бағыты жойылған көне ескерткіштеріне зерттеу жүргізу болады. Сондықтан ол тас және қола дәуірінің ғылым үшін маңызы зор, қазір жойылып кеткен ескерткіштерін тауып, ғылыми айналымға енгізеді.

Көп жылдар бойы В.В. Плаховтың басшылығымен Астрахань музей-қорығының экспедициясы Алтын Орда Хаджи-Тархан (Астрахань) және Орда Муаззам қалаларына зерттеу жүргізді. Қазіргі таңда бұл алынған материалдар Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы орта ғасырларды зерттеу үшін ең құнды материалдар болып табылады.

1980 жылдардан бастап В.Плахов Бүкілресейлік тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Астрахань бөлімшесі президиумының мүшесі, содан кейін біраз жылдар бойы оның төрағасы болды. Бұл қоғам зерттеушілерге дала жұмыстарын жүргізуде ғана емес, түскен материалдарды жариялауда да елеулі көмек көрсетті. 1990 жылдан Орыс географиялық қоғамының да мүшесі болып бекітіледі.

Сарайшық қалашығына қатысты негізгі кешенді зерттеу жұмысы 1996-2000 жылдар аралығында И.Тасмағамбетовтың ұйымдастырып, тікелей қатысуымен З.Самашев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында болып, қазба жұмыстарын жүргізеді. [2, 16-б]. 2004-2009 жылдары мәдени мұра бағдарламасы аясында қазба жұмыстарын жалғастарады [3, 31-32 б].

Сарайшық қаласындағы қазба жұмыстарының басты мақсаты Сарайшық қалашығының материалдары бойынша, XIII-XVI ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің, Ноғай ордасының пайда болуының, гүлденуі мен ыдырауының жалпы тарихы және Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының бастапқы кезеңі болғандығын анықтау болып саналады. Жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңін алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығына тән екендігін келтіреді. "Ханака" үлгісіндегі сарай құрылысы болғандығын дәлелдейді. Алтын Орда кезеңіне сай тұрғын үйлерді табады. Одан өзге археологиялық қазба жұмыстарында табылған нумизматикалық жәдігерлерге негіздегенде Ұлы Жібек жолы бойындағы Сарайшықтың

саяси-экономикалық қалалардың бірі болғандығын айқындайды. Қазба жұмыстарында табылған жәдігерлерді Сарайшық музей-қорығына тапсырылып, музей-қорықтың қорын толықтырады [4].

Сондай-ақ қазба жұмыстарымен қатар, Сарайшық қаласы орның сақтап қалу мәселелерінде көтереді. Олар бұл мәселені өз есептерінде және облыс басшыларына хаттарда жазып көрсетеді.

Сондай-ақ қазба жұмыстарынан кейін консервация, реставрация жұмыстарын қатар жүріп отыру керек екендігін, сол арқылы тарихты болашаққа жеткізу болатындығын жазады.

Ол турасында 1999 жылғы есепте археологтар: «... Продолжались исследовательские работы и на раскопе включающем в себя мазар с подземным склепом. Площадью раскопа были задеты и остатки других видимо аналогичных комплексов. Необходимо их раскрытие которое требует предельной осторожности и тактичности, ибо эти древние мемориальные сооружения находятся в центре казахского кладбища. Однако эти исследования необходимы, ибо различные источники показывают, что в Сарайчуке было захоронено несколько золотоордынских ханов, и судя по ряду источников, один из самых деятельных Казахского государства хан Касим. В надежде восстановления и реконструкцию этих комплексов в будущем в качестве исторического материала был проведен начальный этап работ по консервации и частичному восстановлению уже открытого мазара с подземным склепом.

Важность продолжения археологических исследований на этом участке заключается и в том, что на примере этого памятника сделан значительных шаг вперед в выяснении топографической ситуации города. Если дальнейшими раскопками будут раскрыты аналогичные комплексы, то реальность восстановления этого духовного-исторического мемориала вполне осуществима...» деп болжам көрсеткен [5].

Экспедицияларға тек ашулар мен олжалар ғана емес, сонымен қатар мәдени ескерткіштер мен олардың қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылықтар болады. Бұны 2003 жылдың есебінің қорытындысында жазады: «Археологи начиная с 1989 года неоднократно ставили вопрос о необходимости неотложного решения проблемы перевода реки Жайык в старое русло и тем самым спасти оставшуюся территорию городища Сарайчик, как для полной музеефикации, так и для фундаментального научного изучения; поднимали вопрос о создании заповедной зоны и созданы туристической инфраструктуры. К сожалению, большая часть названных проблем не решается до сих пор.

В условиях, когда ежегодно исчезает значительная часть культурного слоя городища в результате весеннего половодья, антропогенного и техногенного воздействия, продолжение археологических раскопок ради добывания артефактов, становится бессмысленным и неоправданным.

Поэтому если археологические раскопки крайне необходимы, то они должны вестись параллельно с работами по консервации уже вскрытых участков городища и мероприятиями, связанными с укреплениями правобережья р.Жайык.» деп алаңдаушылықтарын білдіреді [6].

Осы қазба жұмыстары нәтижесінде В.Плаховтың З.Самашевпен және де қазба жүргізген археологтарымен бірлескен «Керамика Сарайчика» [7] және «Монеты Сарайчика» [8] еңбектері жазылады. Бұл еңбектерде 1989-2008 жылдардағы ортағасырлық Сарайшықтағы қазба жұмыстарының нәтижесінде жинақталған қыш бұйымдары кешені және Жошы әулетінің тиындарының үлгілері мен әртүрлі нұсқалары жан-жақты зерттеліп жазылған.

Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық зерттеу жұмыстары 2008-2017 жылдар аралығында әртүрлі себептерге байланысты зерттеулер жүргізілмеді. Нәтижесінде қаланың шамамен үштен бірі өзен сулары ағызып кетті.

Бірнеше жылдық үзілістен кейін 2017 жылы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі археолог З.Самашевтің ғылыми жетекшілігімен ортағасырлық Сарайшық қаласындағы далалық зерттеулер қайта жалғасты. Экспедиция құрамына арнайы В.В. Плаховты шақыртады. Сонымен қатар, қала аймағындағы көптеген жылдардан бері шешімін таппай келе жатқан Жайық өзеніне байланысты мәселе 2016 жылға келіп шешімін тауып, Атырау облысы әкімдігінің қаржыландыруымен, қала орнын Жайық өзені жоюының қатерлі салдарынан өзен жағалауды бекіту жұмыстары басталған болатын. 2017 жылғы археологиялық жұмыстар, тұтастай алғанда, өзен жағалауын бойлай айтарлықтай алаңдарды ашып, авариялық-құтқару мақсатында өткенімен, қаланың бірсыпыра құрылыстарын қайта қалпына келтіру мүмкіндігі мен консервациялау жұмыстарына негіз болады. Нақтырақ айтқанда 2017 жылы жаз айларындағы археологиялық қазба жұмыстары өзен жағалауын бекітуге арналған құрылыс жұмыстары қатар жүріп отырды.

2017 жылғы ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары құрамы: В.Плахов, М.Қасенов, А.Тұрарұлы, Г.Қиясбек, А.Чотбаев, Е.Рахманқұлов, П.Бирюков, Д.Төлеуовтар болды [9].

2017 жылдың жазында З.Самашев бастаған археологтар қазба жұмыстарына кіріседі. Ол турасында облыстағы «Ақ Жайық» газеті 11 қазанда арнайы мәселе көтереді. Қазбаға қатысқан Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі, Астрахандағы тарихи-сәулет музей-қорығының археология секторының меңгерушісі В.Плахов: «Астрахан облысының аумағында Еділ бойында ондаған көне қалалар бар. Алайда Иван Грозный заманында және одан кейін тонауға ұшырап, әрбір кірпіші бөлшектеліп қалғандықтан тарихтың кейбір қойнауын қалпына келтіру мүмкін болмай отыр. Сарайшық секілді қалашықтар көп жылдар бойына ғалымдарға

тыныштық бермей келе жатқан көптеген құпиялардың сырларын ашады» дей келе, «Сарайшықта бір кездері құрметті, әйгілі шеберлер өмір сүргенін, шәкірт ұстап, оларға өздерінің кәсіби құпияларын сеніп тапсырғанын әңгімелейді. Оның анықтауынша «Сарайшықта жасалған саз құмыра Қытайдан әкелінген немесе тіпті, бірнеше шақырымдағы әлдебір көрші қаладан әкелінген құмырадан ерекшеленеді. Бір елді мекен шеберлерінің негізгі сурет тақырыбы бір (сарайшықтық шеберлер құстарды бейнелеген), бір түс гаммасы, тіпті, бұйым құрамы бірдей болған, - деп, ғалым еңкейіп жерден жаңа ғана қазылып алынған ескі ыдыс сынығын алып көрсетті. – Қазір, тіпті, заманауи технологиялар мен білім болса да, мынадайды дәл жасау мүмкін емес. Неліктен? 21 ғасырдың шебері сурет салу кезінде бояуды араластыру үшін қандай өсімдіктің шырыны қолданылғанын қайдан білсін? Иә, ол төңіректегі бүкіл өсімдікті жинап, мың қайтара одан сығынды жасап көруі мүмкін. Бірақ қажетті түс немесе қоюлық шығу үшін оларды қандай маусымда жинау керектігін ол қайдан біле алады? Оның сырлары көп: желім, илем, температура... Бұл ешқашан ашылмайтын мәңгілік құпия болып қалады. Бірақ осы сынықтардың негізінде тарихтың басқа элементтерін толықтыра аламыз. Мәселен, керуендер қайдан бастап шыққан және олардың жету нүктесі қандай болған? Олардың жолында қандай ұсақ аралық «станциялар» болған? Мұның бәрін Жібек жолындағы керуендердің саудагерлері айырбас жасаған және сатқан осындай артефакттерден анықтауға болады».

Ол сонымен бірге кіп-кішкентай қытай вазасын тауып, «Фарфор құмыраның кесегі шамамен 14 ғасырға тиесілі. Ноғай сұлуының қола айнасы, оның келесі жағына жүгіріп бара жатқан киіктер мен түлкілердің бейнелері соғылған. Арабша өрме жазумен басылған қырық дана Сарайшық монетасы және сансыз сазды пазлдар. Сенбейтін шығарсыздар, алайда, осы сынықтарда дәмдеуіштердің нәзік иісі сақталып қалған... Ал осы жазда табылған ең бағалы олжа – қамалды қорғап тұрған және жақын маңдағы тұрғын поселкеге қарай созылатын бекініс қабырғасының бірі бөлігі» деп ойларын қорытады [10].

2017 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары 2017 жылы 8 қараша айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында шығарылады. Түрік Республикасы Анкара университетінің профессоры Гондугдуй Абдуллах, Әзірбайжан Ұлттық Академиясынан тарих ғылымдарының кандидаты Исмайлзаде Пирага, Қазақстаннан белгілі тарихшылар Б.Ермұханов, З.Самашев, Ә.Мұқтар, М.Сдықов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Б.Әбдіғалиұлы, «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу орталығының басшысы А.Оңғарұлы, филология, мәдениеттану салаларының ғалымдары, көршілес

Ресейдің Астрахань облысының музей қызметкерлері, өлкетанушыларқатысқан конференцияда облыс әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігі арасына жасалған «Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі» жобасының іс жүзіне аса бастағаны белгілі болды және осы жылғы археологиялық қазбаның қорытындылары жарияланды [11, 8-9 п.].

Конференция тағы да барша жұртшылықтың назарын Сарайшыққа аударды.

2019 жылы Сарайшыққа жаңаша көзқарас болады. Алтын Орданың 750 жылдығында Сарайшық Алтын Орда қалаларының бірі болғандықтан ерекше назар аударылады. 2019 жылы Атырау облыстық әкімдігі қолдауымен ортағасырлық Сарайшықта қазба жұмыстары жалғасын табады. Қазба жұмыстарының археологтарының жетекшісі В.В. Плахов болады [12]. Ол Сарайшық қаласының Алтын Орданың маңызды қалаларының бірі болғандығын тек тарихи шежірелермен емес нақты материалдық деректермен дәлеледеу керектігін айтады.

Ол 2019 жылғы қазба жұмыстарының нәтижесін «Жошы Ұлысы және Сарайшық- Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағына: «Прежде всего, хочется сказать, что Сарайшык имеет очень древнюю историю. Эта местность, ввиду удобного географического расположения, давно обжита людьми. Вот в этом году мы опять встретили дом, в котором находилась очень архаичная керамика. Подобного рода керамика обычно изготавливалась в XII веке, - то есть тогда, когда здесь находились кипчаки. Также в этом году мы встретили кусок вот такого зеркала – ему две тысячи лет. Такие же зеркала встречались и раньше, в начале 2000 годов, в ходе раскопок, проводимых Зейнуллою Замашевым. Были также найдены каменные песты и наконечники стрел разных эпох. По его словам, смена эпох, властителей и жестокие средневековые распри должны отчетливо отразиться на становлении, развитии и упадке Сарайшыка. Это и татаро-монгольское нашествие, и владычество хана Узбека (начало XIV века, на чей период приходится расцвет города), и противостояние ханов Тохтамыша с Едигеем, а также годы правления Касым-хана. - Мы прослеживаем это по найденным предметам, это видно по меняющейся системе планировки зданий, направлений стен, а также по особенностям имевшейся оборонительной системы, - рассказывает ученый. - В этом сезоне нами полностью раскопана боевая башня, часть стен и ров перед этими стенами и башней. Ров имеет ширину 5 метров, глубину 3-3,5 метра. Около башни был проход на территорию города. В месте нахождения прохода ров отсутствует» құрылыс орнын анықтағаны туралы жазады [13].

В.В. Плаховтың Сарайшықтағы қазба жұмыстарының нәтижелер көрсетіп келеді. Археологтың Сарайшық қазбалары туралы жарияланған мақалаларын айтуға болады.



Олай болса археолог Вячеслав Васильевичтың ізденіс іздері Сарайшықта сайрап жатыр деп толық айтуға болады. Ол әлі де зерттеушілерді, ел зиялыларын Сарайшыққа айрықша маңыз беруге шақырады.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Дворниченко В.В., Плахов В.В., Очир-Горяева М.А. Погребения ранних кочевников из Нижнего Поволжья // РА. М.: Наука, №3. С.127–141.

2 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. - Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.

3 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер/ Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев //Ғыл.ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

4 «Сарайшық» музей-қорығы архивінен

5 Сарайшық музей-қорығы қоры. Археологиялық жұмыстар есебі, 1999 ж.

6 Сарайшық музей-қорығы қоры. Археологиялық жұмыстар есебі, 2003 ж.

7 1. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Керамика Сарайчика. Ceramics of Saraichik hillfort. З.Самашев, О. Кузнецова, В. Плахов. –Алматы, 2008. – 264 б.

8 2. Сарайшық тиындары. Монеты Сарайчика. З.Самашев, Р.Бурнашева, Н.Базылхан, В.Плахов. – Алматы, 2006. - 184 б.

9 Сарайшық музей-қорығы қоры. Археологиялық жұмыстар есебі, 2017 ж.

10 Көне Сарайшық жаңалықтары // [azh.kz/kz/news/view/29150](http://azh.kz/kz/news/view/29150) копия 27.01.2019.

11 5. «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Қайырғалиева Г.Қ. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017.

12 Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963-2019 жж.): монография / Ә. Мұқтар, Ж. Диярова. – Алматы : Арыс, 2019. – 192 б.

13 «Жошы Ұлысы және Сарайшық – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

(10 қазан, 2019 жыл) / Жалпы редакциясын басқарған Ә.Қ.Мұқтар, Ә. Қанай - Алматы, 2019. - 310 б.

**Байғалиев Жүніс Рустемович, [baigalievzh@mail.ru](mailto:baigalievzh@mail.ru)**  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»  
РМҚК, Атырау, Қазақстан

### **Ортағасырлық Сарайшық тиындары: Ақсақ Темір соғылымы**

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № АР19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

**Аннотация.** Сарайшық қаласы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық қалалардың бірі. Сонымен қатар, Сарайшық Алтын Ордадың басқа қалаларына қарағанда Дешті Қыпшақ даласының мәдени кешенінің ықпал әсерін әлде-қайда көп сіңірген мекендерден болып табылады. Бүгінде қала тарихына байланысты тарихи еңбектер ғылыми айналымдарда жүр. Осы негізде алдағы уақытта ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қажет. Өйткені археологиялық және нумизматикалық материалдарды зерттеу арқылы қала тарихына байланысты тың деректер анықталары сөзсіз. Сондықтан да археологиялық зерттеулерде анықталған нумизматикалық жәдігерлерді тазалау және атрибуциясын анықтаудың маңыздылығы артады. Одан өзге Сарайшықтан табылған Ақсақ Темір тиындары мен елдердің экономикалық байланысы анықталады.

**Түйін сөздер:** Сарайшық, Алтын Орда, Ақсақ Темір, ортағасырлық қалалар, нумизматика, Ұлы Жібек жолы, ақша шеберханалары, пұл, дирхем, динар.

Ортағасырлық қала-мемлекеттерде саяси-экономикалық қарым-қатынастар, халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі және қала мәдениетінің дамуы ақша айналымдары қалыптасуына негіз болады. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Сарайшық қаласы өз дәуірінің мәдени және экономикасы дамыған орталықтарынан бірі болды. Ортағасырлық қала тарихын зерттеу екі кезеңнен тұрады. Біріншіден қала туралы зерттеушілер мен саудагерлер және миссионерлердің естеліктері, жазбалары болса, екіншісі 1937 жылдан басталған археологиялық қазба жұмыстары болды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы жаңа деректерді анықтауда нумизматикалық жәдігерлердің де берері мол. Бүгінге күнге дейін қала орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жеткілікті нумизматикалық материалдар жинақталған. Осы орында нумизматикалық жәдігерлерді тарихи дерек ретінде пайдалануға болады. Себебі белгілі бір ел билеуші тарапынан соғылған тиындарды, ондағы қала атауы, таңбаларға негізделсе сол дәуірде мемлекетте саяси-экономикалық,

элеуметтік жағдайды білу мүмкіндегі қалыптасады. Ал нумизмат П. Петров бұл мәселе жөнінде өзгеше ойды ұсынады. Ғалым «Деньги и денежная политика Джучидов в XIII – XV вв.» атты мақаласында тиындарды тарихты зерттеуде дереккөз екенін білдіре отырып, оны негізгі құжаттардан кейін екінші деңгейде қарастырды [1, С. 618]. Ғалым өзінің зерттеулері барысында Жошы Ұлысы кезінде шығарылған тиын тамғалары мен олардың жасалу техникасына, одан өзге Алтын Орданың саяси тарихының өрбуіне байланысты тиындардың шығуы мен ақша сарайларының жұмысы негізінде XIII-XV ғасырлардағы ақша реформаларын 6 кезеңге бөліп қарастырады.

1. XIII ғасырда – *бірінші кезең*: Алтын Орданың Ұлы Моғолстан империясы құрамында болған кездегі ақша жүйесі. *Екінші кезең*: тәуелсіз Алтын Орда мемлекеті тұсындағы ақша жүйесі. Бұл Меңгу-Темірдің билікке келген тұсынан басталды.

2. XIV ғасырда – *үшінші кезең*: ақша реформасы ғасырдың алғашқы онжылдығын қамтыды. Бұл кезеңде Алтын Орданың бірнеше аймақтарында реформалар қатар жүруімен ерекшеленді. *Төртінші кезең*: бұл кезең саяси биліктен Жәнібек және Бердібек хандардың саси аренадан кетуімен байланысты болды. *Бесінші кезең*: Тоқтамыс ханның билік басына келген уақыты, кейін соғыстар салдарынан елдегі саяси-экономикалық жағдай әлсіреп тұрған кезі.

3. XV ғасырда – *алтыншы кезең*: Шадыбек ханның ақша реформасымен байланысты болды [1, С. 619-631].

Алтын Орда тиындарын ғылыми-зерттеу жұмыстарына екі жүз жылдай уақыт болды. Қазіргі таңда осы зерттеу саласы өзіндік әдіс-тәсілдері мен ғылыми мәселелері қордаланған жеке ғылыми бағыт болып қалыптасқан. Жалпы шығыс нумизматикасы, соның ішінде Жошы Ұлысы дәуіріндегі нумизматика ғылымының зерттелуі Ресейде XIX ғасырдың алғашқы жартысында басталды. Зерттеулер нумизмат Христиан Мартин Френ (1782-1851) есімімен тығыз байланысты. Алтын Орданың 25 қаласында тиын шеберханалары болған. Солардың ішінде Сарайшық қаласы да бар [2, 5 б.].

Ортағасырлық Сарайшық қаласы аймағынан Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хан және Қызыр хандардың кезінде Хорезм мен Азақ қалаларында соғылған тиындар Сарайшықта көптеп кездеседі. Нумизмат П.Петровтың пікірі бойынша Сарайшықта XIV ғасырды ортасынан бастап тиындар соғыла бастаған [3].

Жалпы, қаладан табылған тиындар туралы мәлімет беретін толыққанды ғылыми еңбектердің бірі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі шығарған еңбек болып табылады. Онда Шыңғыс хан әулетінен шыққан ел басқарған хандардың 592 бірліктен тұратын алтын, күміс және мыс тиындары берілген. Соның ішінде археолог

3. Самашевтың Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған 500-ге жуық тиындардың сипаттамалары берілген [4, 9 б.].

Соңғы жылдардағы қаладан көптеген нумизматикалық жәдігерлер табылды. Атап айтқанда 2019-2023 жылдар аралығында ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағында кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Мысалы 2019 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде 140 тиын табылды. Тиындар Өзбек хан – 25, Жәнібек – 57, Қызыр – 11, Темур Қожа – 1, Мурид – 4, Килдибек – 1, Хайр Пулада – 1, Тұлынбек – 2, Тоқтамыс – 13 хандардың есімімен шықты. Ал Сарайшықтан Мурид ханнан есімімен жазылған тиынның 6 данасы кездесті [5, С. 388].

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.) жобасы негізінде 2021 жылы №3 археологиялық қазба орнында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Төртінші бөлмеден 35 күміс тиын көмбесі анықталды. Тиындардың бір-біріне жабысқан күйде шыққан. Кейбір тиындарда Өзбек және Жәнібек хандар есімі кездескен [6, 117 б.]. Сонымен қатар, 2022 жылғы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы №1 археологиялық қазба орнында жүргізілген зерттеулер барысында күміс көмбе анықталды. Күміс көмбені нумизмат, ресейлік ғалым, т.ғ.к., П. Петров тазалап, ондағы атрибуцияны анықтады. Тазаланған күміс тиындар Өзбек, Жәнібек, Бердібек және Тоқты хандар атынан соғылған тиындар болды [7, С. 127].

Егер Сарайшықта Өзбек, Жәнібек және Тоқты хандар атынан соғылған тиындар көп кездеседі. Ал Ақсақ Темір атымен соғылған тиындар азшылықты құрайды. Алтын Орда ханы Тоқтамыс тоқтаусыз соғыстары экономиканы құлдыратты. Нәтижесінде аймақ Ақсақ Темір саяси үстемдігі арта түсті. Оны 1380 жылы Самарқанд қаласында Ақсақ Темір атымен соғылған тиындар арқылы байқауға болады. Сарайшықтан Ақсақ Темір соғылымымен шыққан 6 тиын табылған. Олардың 4-еуі Самарқанд қаласынан, ал 1-еуі Хорезмде басылған. 1 тиынды оқуға келмейді. Мауарауннахр билеушісінің атымен соғылған тиында «Әмір Темір» есімі берілген. Хижрий 785 жылы басылған. Тиынның артқы жағында үш жапырақты белгі байқалады. Жапырақтар арасында «Самарқандта соғылған» деген жазу сақталған [2, 107 б.]. Сондай-ақ, тарихшылар арасында Ақсақ Темір Сарайшыққа келген бе деген сұрақ туындайды?. Мысалы Ибн Арабшах жазбаларында былай делінеді: «Темір жасақтары Азаққа жетті, ол Сарай, Сарайшық, Қажы Тархан және сол өңірлерді жойып жіберді», - дейді. Дегенмен қаланың XIV ғасырда Темір әскерлері қиратқандығы туралы археологиялық белгілер байқалмайды [2, 24-27 б.].

Ал Муиддин Натанзийдың 1412-1414 жылдары парсы тілінде жазылған «Мунтахаб ут-таворих Муиний» (Муинийдің таңдамалы тарихтары) деп аталған еңбегінде ерте кезеңнен Ақсақ Темір өліміне дейін аралықта Дешті Қыпшақ даласында болып өткен оқиғалар баяндалады.

Олардан Ақсақ Темір өмірі, әскери тактикасы, 35 жылдық соғыстары тарихы туралы мәліметтер беріледі. Ақсақ Темір 793 (1391) жылдың 3 қаңтарында Тоқтамыспен соғысу үшін әскерлерін жиып жолға аттанады. Олар Жайық өзіне келгенде өзеннен өтетін үш жерде анықтайды. Олар: Айғыр жолы, Буркешік (Бури (и) кечик) және Чопмакечик деп аталды. Мүлдем басқа бағыттан Жайық өзенінен өтіп Ақсақ Темір әскерлері Самар өзені жағасына келеді. Екі ортада болып өткен қанды соғыс нәтижесінде жеңіске жеткен Ақсақ Темір Едігені көрсеткен көмегі үшін ілтипат көрсетеді. Ол Едігеге өз халқынына еркін билік жүргуге мүмкіндік берді. [8, 142-150 бб.].

XVIII – XX ғасырларда орыс тарихшылары В.Н. Татищев, Т.Н. Грановский, Н.М. Карамзин, С.М. Соловьев, В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, М.И. Иванов сында зерттеушілер Ақсақ Темір өмірі, билеушілік қасиеті және әскери жорықтары туралы зерттеулер жүргізеді. Олардың арасында В.Н. Татищев Ақсақ Темір мен Тоқтамыс соғысына назар аударады [9, 5 б.].

Т.Н. Грановский еңбегінде Ақсақ Темір жорықтарының саяси бағытына назар аударады. Айтуынша Ақсақ Темірдің Алтын Орданы қиратудағы негізгі 2 мақсатын көрсетеді. Біріншісі, өз мемлекетінің солтүстік шекараларын қорғау, екіншісі Ұлы Жібек жолының негізгі солтүстік бағытындағы керуенсарайлар мен ортағасырлық қалаларды қирату арқылы, негізгі бағытты оңтүстікке қарату деген тұжырым келтіреді. Керуен-сарайлардың қиратылу себептерімен таныса отырып, бұл пікірдің ақиқатқа жақын екенін аңғаруға болады [10, С. 39].

Жалпы, Сарайшықта Ақсақ Темір атымен соғылған тиындар саны 10-ға жуық. Биылғы 2023 жылғы қазба жұмысы нәтижесінде 1 тиын ғана анықталды. Онда 3 жапырақты таңба белгіленген. Дегенмен жазуы нашар жағдайда. Тоқтамыстың жеңілісі Ақсақ Темірдің Ұлы Жібек жолы сауда тармағында үстемдік орнатқан болса керек. Т.Н. Грановский айтқандай сауда тармағын оңтүстікке ығыстыру ойы болғаны айқындалды. Табылған тиындардың көп бөлігі әлі де анықтауды, зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да бүгінде музей-қорық тиындарды тазалау және ондағы мәліметтерді оқу арқылы Сарайшық тарихына қатысты қосымша деректерді анықтауды жолға қойды.

**Аннотация.** Город Сарайшык - один из средневековых городов, расположенных вдоль Великого Шелкового пути. Кроме того, Сарайшык является местом наибольшего влияния культурного комплекса Дешт-кыпчакской степи, чем в других городах Золотой Орды. Сегодня исторические труды, связанные с историей города, находятся в научных оборотах. На этой основе в дальнейшем необходимо провести археологические раскопки на месте средневекового города Сарайшык. Потому что, изучая археологические и нумизматические материалы,

достоверные данные, связанные с историей города, неизбежны. Поэтому возрастает важность очистки и определения атрибуции нумизматических артефактов, выявленных в археологических исследованиях. Кроме того, будут выявлены хромые железные монеты, найденные в Сарайшыке, и экономические связи стран.

**Ключевые слова:** Сарайшык, Золотая Орда, хромое железо, средневековые города, нумизматика, Великий Шелковый путь, денежные мастерские, пул, дирхем, динар.

**Abstract.** The city of Saraishyq is one of the medieval cities located along the Great Silk Road. In addition, Saraishyq is the place of the greatest influence of the Desht-Kipchak steppe cultural complex than in other cities of the Golden Horde. Today, historical works related to the history of the city are in scientific circulation. On this basis, in the future it is necessary to conduct archaeological excavations at the site of the medieval town of Saraishyq. Because, studying archaeological and numismatic materials, reliable data related to the history of the city is inevitable. Therefore, the importance of cleaning and determining the attribution of numismatic artifacts identified in archaeological research is increasing. In addition, the lame iron coins found in Saraishyk and the economic ties of the countries will be revealed.

**Keywords:** Saraishyq, Golden Horde, lame iron, medieval cities, numismatics, the Great Silk Road, money workshops, pool, dirham, dinar.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Петров П.Н. Деньги и денежная политика Джучидов в XIII – XV вв. // Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. – 968 с. + 28 с. Цв. Вкл. / 616-633 ст.
2. Самашев З., Базылхан Н., Плахов В. Сарайшық тиындары. ТОО «Grapho-art». Алматы, 2006. – 184 б.
3. Петров П.Н. Джучидская нумизматика и монетный двор Сарайчук. Сарайшық, 2022.
4. Қазақстан Республикасы Орталық музейі қорындағы шығыс монеталары. 2-том. Иллюстрацияланған ғылыми каталог (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде). Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2020. – 420 б.
5. Петров П.Н. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // П.Н. Петров, А.К. Муктар, Н.Х. Биккиняев и др. // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. - 2022. № 14. - 382-404.

6. Ахметова Ұ.Т., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары. Қазақстан археологиясы. 2022. № 2 (16). 111-120-бб.

7. «Сарайшық қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми есебі». / Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ. Атырау, 2022. – 132 б.

8. Натанзий М. Мунтахаб ут-таворих Муиний (Муиний тарихлари танланмаси) / Муинийдин Натанзий; форс тилидан тарж., суз боши ва изохлар муаллифи Ғ.Каримий; масъул мухаррир А.Уринбоев. – Ташкент: «O'ZBEKISTON» НМИУ, 2011. – 264 б.

9. Усмонов Бахриддин Ахметович. Амир Темирнинг ҳаёти ва давлатчилик фаолияти ҳақида рус тарихшуносликда берилиши (XVIII – XX ғғ.). // 07.00.09 – Манбашунослик, тарихшунослик ва тарихий тадқиқот усуллари. (УДК: 94 (470/575) + 303. 446.4 [17/19] (470/575). Илмий раҳбар: т.ф.д., А. Ахметов. Ферғана, 2003. – 165 б.

10. Грановский Т.Н. Тимур // Полное собрание сочинений, Том 1, СПб, 1905. – С 341-352.

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР (2019-2023 ЖЖ.)

**Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар**

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, директор

**Айбек Тұрарұлы**

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, бас инспектор

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № АР19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Соңғы кездегі ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары 2018 жылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құрылуымен тікелей байланысты. 2019 жылы Атырау облыстық әкімдігінің қаржыландыруымен «Ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеу» бағдарламасы қабылданып, археологиялық қазба орындары Жайық өзенінің жағалауы аумағында белгіленді. Басты мақсат қорғау-құтқару жұмыстарын жалғастыра отырып, туристік инфрақұрылым үшін негіз боп табылатын нысандарды іздестіру еді.

Бұл маусымда №2 қазбадан XIV ғасырдың II-жартысы – XV ғасырға тиесілі үй-жайлар анықталған.. Алдымен қазбаның жоғарғы мәдени қабатында кездескен XV-XVI ғасырларға тиесілі жерленімдер зерттелді. Барлығы қазба алаңынан 17 адамның жеке жерленімдері анықталды. Сонымен қатар 1 түйе мен 1 жылқы жерленген орын табылды [1].

Қазба орнынан бірнеше шаруашылық шұңқырлары анықталды. Шұңқырлар көбіне дөңгелек пішінді етіп қазылған, тереңдігі 22-35 см шамасында. Қабырғасы тік немесе көлбеулеу келген, түбі тегіс боп келеді. Іші күл аралас сазды топырақ қабаттары, қара балықтың қылқан сүйектері мен шикі кірпіш сынықтарымен толтырылған.

Қазбаның оңтүстік бөлігінде кесене құландысы ашылды. Кесене қабырғалары сұр түсті шикі кірпіштен тұрғызылған, кірпіштер сұр құмдақ лай ерітіндісімен бекітілген. Кесененің ішкі өлшемі: солтүстік-оңтүстік бағытта 5 м, батыс-шығыс бағытта 3,5 м. Қабырғасының қалыңдығы 60 см. Кірпіштердің көлемі 32x19x6 см, сұр түсті құмдақ-сазды балшықтан құйылған. Кесене іргесі жердің беткі қабатынан 40 см тереңдіктен ашылды. Кесененің бұрышы диаметрі 70 см болатын дөңгелек контрфорс – «гүлдестемен» бекітілген. Гүлдесте де шикі кірпіштен қаланған. Оңтүстік қабырғаның орта тұсында ені 85 см болатын кесененің ауыз қуысы бар.



Ауыз қуысында сарғыш кірпіштерден төселген ені 21 см, биіктігі 6 см болатын табалдырық салынған.

Кесене ішінде, солтүстік қабырғадан оңтүстікке 80 см жерде, кірпіштен қаланған қабірүсті тасы орналасқан. Оның екі шеті батыс қабырғадан 75 см, шығыс қабырғадан 80 см қашықтықта жатыр. Қабір тасының ені 60 см, ұзындығы 190 см. Көлемі 21x21x5 см, 22x35x5 см, 26x35x5 см күйдірілген қыш кірпіштерден тұрғызылған. Құрылысы: алдымен екі қатар кірпіш төселген. Олардың ортасы 10 см ашық етіп қаланған. Оның үстіндегі қатардың кірпішінің шеті ішке қарай 6 см кіріңкі қаланған. Кірпіштер сұр құмды балшық ерітіндісімен бекітілген. Бұдан басқа қатарлары сақталмаған. Олар шамасы көгілдір түсті қыш тақтайшалармен фриз түрінде безендірілген болса керек, бірнеше фрагменттері кесене ішінен табылғанына қарағанда. Қабір тасы сыртқы жағынан қалыңдығы 1 см ұнтақталған алебастр сылағымен сыланған. Қабір тасының оңтүстік шетінен оңтүстікке қарай 25 см қашықтықта еденге кірпіштер төселген. Оның сақталған ені 140 см, ұзындығы батыс және шығыс қабырғалары аралығына дейін жетеді. Қабір тасы кірпіштері сияқты бұл кірпіштерде қайта қолданыста болған, өлшемдері 21x21x5 см және 22x22x5 см және 32x26x5 см. Бір беті радиалды келген пішінді кірпіштер де кездесті, олардың өлшемдері 26x26x5 см. Еден мен табалдырық деңгейі бір-біріне сәйкес келеді.

Сонымен қатар, қаланың алтынордалық кезеңіне жататын тұрғын үйлер құрылысы анықталып, олар өзен саласы бұзып кеткен көшеге, яғни, есігі батыс бағытқа қарағаны байқалады.

№1 бөлме көлемі шығыс-батыс бағытында 4,3 м, солтүстік-оңтүстік бағытында 5,1 м болды. Қабырғасының қалыңдығы – 80-40 см аралығында. Өлшемі 23x37x7 см сары түсті саман кірпіштерден қаланған. Кірпіштер сұр құмды балшық ерітіндісімен бекітілген, қалыңдығы 1,5 см. Бөлменің шығыс жағында II-тәріздес суфа бар. Суфаның солтүстік және оңтүстік бөлігінің ені 1,2 м, ішкі бұрышынан батысқа қарай ұзындығы 2,1 м. Қабырғасы 2 қатар кірпіш биіктігінде сақталған. Суфаның іші мәдени қабат қоспасы бар сары құмды сазбен толтырылған. Суфаның солтүстік бөлігінде, диаметрі 50 см тандыр пеш орналасқан, оның қабырғасының қалыңдығы 3 см. Тандырдан шығыс бағытқа екі кан арналары кеткен, солтүстік жағындағы арна ені 20 см, оңтүстіктегісінің ені 15 см, аралық қабырғасының қалыңдығы 15 см болады. Кан арналары шығыс қабырғада қосылып, қабырға бұрышынан қыш мұржа арқылы сыртқа шығып кететін болған. Кан арналарының беті шикі саман кірпішпен жабылған. Суфадан солтүстікке қарай ені шамамен 90 см болатын қуыс пайда болған. Бұл жерде батыс бағытқа созылған ені 23 см болатын фахверк қабырға орналасқан. Ол ортасында диаметрі 12 см болатын тігінен орналасқан ағаш тіреулер қалдығы сақталған қабырғаның төменгі саман кірпішті бөлігі түрінде орналасқан. Бұл қабырғаның солтүстік жағында диаметрі 45 см болатын

ошақ орналасқан, ол 2 қатар биіктікте саман кірпіштен қаланған. Оның ауыз қуысы батыс жағында. Іші өртенген қамыс күліне толы.

Бөлме едені жер беті деңгейінен 130 см тереңдікте анықталды. Еден үсті 2 см қалыңдықтағы сазбалшықпен сыланған.

Бұл бөлменің солтүстік қабырғасынан әріде №2 бөлме орналасқан. Оның ішкі өлшемдері батыстан шығысқа қарай 4,3 м, солтүстік-оңтүстік бағытта 2,5 м болды. Тағы бір бөлменің ішкі өлшемдері солтүстіктен оңтүстікке 3,2 м, шығыстан батысқа 4,5 м.

№2 қазбадан 41 мыс тиындар мен басқа да метал бұйымдар, өңделген сүйек бұйымдар бөліктері және көптеген қыш ыдыс сынықтары табылды. 2020 жылы қазбада ашылған нысандарға консервациялау жұмыстары жүргізіліп, ашық аспан астындағы экспозициялық алаң жасақталды [1].

№4 қазбаны оңтүстік бағытта ұзартып, №5 қазбаға дейінгі қаланың мәдени қабаты аршылды. Осылайша бұл екі қазба қосылып, жағалау аумағынан бір үлкен қазба алаңы жасақталды. №4 қазбаның бұрын адам жерленген зираттың орны екені анықталды. Адам жерленімдерінен басқа қазба орнынан 3 аңшылық мақсаттағы иттің жерленуі кездесті және бұл иттердің жерленімдері арасында адам жерленімдері орналаспағаны мәлім болды. Ашылған адам сүйектеріне антропологиялық зерттеу жүргізілді. Қазбада жүргізілген антропологиялық зерттеулері жерленген адамдардың белгілі дәрежеде жынысын, жасын, кейбір ерекшеліктерін анықтады.

2020 жылы Сарайшықтағы «Хан моласы» қазба орнына зерттеу жұмысы жүргізілді. Қазба орнын таңдап алуға бірнеше түпдеректер себеп болды. Олардың қатарында 1861 жылғы әскери топограф А. Алексеевтің жасаған Сарайшықтың сызба картасы және атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауовтың естелігі бар.

Қазбаны көлемі 2x2 м болатын шурфтан басталған. Топырақ қабатында қыш кірпіш сынықтары мен бор кесектері кездеседі. Қазбаны солтүстікке кеңейту нәтижесінде үлкен шұңқыр орны анықталды. Шұңқыр іші құрылыс құландысына толы. Шұңқырды тазалау барысында жер бетінен 2 м тереңдікте гипс (ганч) ерітіндімен қаланып қыш кірпіштен салынған күмбезді қабірхананың бұрышы анықталды [3]. Қабырғаның ішкі жағы түгелдей гипс сылақпен сыланған.

2021 жылы осы «Хан моласы» қазба орнында жұмыстар жалғасын тапты. Зерттеудің мақсаты: дереккөздерде сипатталған ортағасырлық кесенелер орнын анықтау. Археологиялық қазба жұмыстарын бастамас бұрын «Хан моласы» зерттеу нысаны айналасындағы жерленімдерді басқа орынға көшіру жұмыстары жүргізілді. Қазбаның жалпы аумағы 12x8 м, ал тереңдігі 2 м алаң белгіленді. Нәтижесінде жобасы төртбұрышты, күмбезді келген төбесі бұзылған, үш бұрышы ғана сақталған көрхана ашылды. Көрхананың төртінші бұрышы, өкінішке орай, толығымен бұзылып тасталған. Көрхананың ішкі көлемі 4x4 м-ге тең. Қыш кірпіштердің көлемі 22x22x5, 23x23x5 см [4]. Көрхана күмбезінің ұшар басының бөлігі

ғаныштан (гипс) құйылған, ол ішінен кірпіш қалдықтарымен бірге еден деңгейінен табылды. Көрхана ауыз қуысы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Оның ұзындығы 3,70 м. Ауыз қуысы оңтүстік-батыс бағытқа қараған. Көрхана ішкі жағынан ғаныш ерітіндісімен (гипс) сыланған. Сылақ тегіс түзу жапсырылған. Сондай-ақ, кірпіштерді байланыстырушы ерітінді балшық та ғаныштан дайындалған. Көрхана ауыз қуысы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Оның ұзындығы 3,77 м, ені 97 см. Ауыз қуысы астына табалдырық ретінде екі қатар кірпіш қаланып, ғаныш ерітіндісімен бекітілген. Табалдырықтан өлшегендегі дәліз қабырғасының биіктігі 82 см. Табалдырық тұсындағы көрхана ауыз қуысының жоғарғы жағы тарыла қаланғаны байқалып тұр. Соған қарағанда, ауыз қуысының үсті аркалы жабылған болса керек. Дәліз қабырғасына сылақ жағылмаған. Ал, кірпіштерін саз балшықты ерітіндімен қалаған. Дәліздің шеті кірпіштермен қаланып бітелген. Едені көрхана ішіне қарай тереңдеп еңкіш келген.

Көрхана еденіне де қыш кірпіштер төселген. Анықталған адам сүйектеріне қарап 35-37 адамның қаңқасы бар деп есептеуге болады. Еденге 5 адамның сүйегі қойылғаны анықталды. Басқа сүйектер құланды топырағымен араласып кеткен. Сүйектердің сақталуы нашар. Адам сүйектерінің анатомиялық тәртібі сақталмаған. Көрхана еденіне дейін үш күрек қалыңдығындай құланды арасы адам сүйектеріне толы болды. Көрхана еденінен ағаш табыттың қалдықтары шықты.

Қазақстан археология ғылымының дамуы алдымен ортағасырлық бізге жеткен жазбалар арқылы белгілі. Қазақ археологиясының қалыптасуы Ресей империясының отарлау саясатына байланысты жүргізілген. Ресей зерттеушілерінің қазақ жеріне ұйымдастырған 1733 жылғы академик Г. Ф. Миллердің бастауымен бірінші академиялық экспедициясы Қазақстандағы алғашқы археология ескерткіштері туралы мәліметтерді хабарлайды. Бұл ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты қазақ жерінің табиғи жер асты, жер үсті байлықтары, табиғаты, климаты, жан-жануарлары, өсімдік әлемі, жер қыртысы тағы өзге де ғылым салаларының мәліметтері қызықтырған болатын. Сонымен қатар, қазақ жерінде өмір сүрген халықтар, олардың тарихы, мәдениеті, археологиясы жөнінде көп деректер қалдырды. Ал ХІХ ғасырдың басы қазақ өлкесін зерттеумен Ресейдің Бас штабының әскери-топографиялық бөлімі (1812 ж.), тау ведомоствосы ғылыми комитеті (1834 ж.), мемлекеттік мүлік министрлігі жанындағы ауыл шаруашылығы ғылыми комитеті айналысты.

Қазан университеті қазақтардың мәдениеті мен тарихын зерттеуде, атасақ, «Торғай облысы Қостанай уезінің қазақтары», «Түркістандағы археология», «Қазақтардың этнографиялық очеркі» сынды ғылыми мақалаларды көптеп жариялады.

Қазақ жерін Николай Петрович Рычков, Пётр Иванович Шангин, Григорий Иванович Спасский, Василий Васильевич Радлов, Пётр Иванович Лерх, Василий Владимирович Бартольд, Николай Николаевич Пантусов, Василий Андреевич Каллаур, Григорий Михайлович Пацевич, Таисия Николаевна Сенигова сынды ғалымдар зерттеп, өз еңбектерін қалдырды.

Қазақстанда да археология ғылымының дамуы ХХ ғасырдың басында басталды. Қазақ археологиясының сапалық деңгейде биікке шығуына Әлкей Хақанұлы Марғұлан еңбегі орасан. Әлкей Хақанұлы Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмыстары, 100-ден астам энциклопед. мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. 1991 жылы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Тарих, археология және этнология институтындағы археология орталығының негізінде Марғұлан атындағы Археология институты құрылды.

Кемал Ақышұлы Ақышев, Мадияр Елеуов, Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев, Хасан Алпысбаев, Мир Қасымұлы Қадырбаев, Сержан Ақынжанов, Карл Молдахметұлы Байпақов сынды ғалымдардың қосқан үлесі айрықша. Бұл ғалымдар қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер, қорымдар, мәдени қабаттарды зерттеп, отандық тарихтың хронологиясын ерте замандарға дейін соза білді.

Кеңестік заманда Қазақстан археологиясы үлкен жұмыс жасады. Білікті археолог-ғалымдардан құралған экспедициялардың кешенді зерттеуі нәтижесінде Есік қорғанынан табылған Алтын адам, Отырар қалашығының орны, Тамғалы петроглифтері, Берел қорғандары, Беғазы-Дәндібай мәдениеті, Ботай ескерткіштері, Ақыртас сарай кешені т.б. тек Қазақстанның емес әлемдік деңгейдегі аса құнды археологиялық мұралардың қатарына енді.

Тәуелсіздік жылдары отандық археологтар палеолит дәуіріне жататын құнды жәдігерлерді, шеберхана өнімдерін ғылыми айналымға енгізіп, Қазақстан жеріндегі адамдардың өмір сүру тарихын шамамен 1 миллион жылға дейін ұзартты. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде бүгінгі Қазақстан жерінде көшпелілердің мал және егін шаруашылығының өркен жайғаны дәлелденіп, ғылыми айналымға енгізілді. Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалашықтар тарихы зерделеніп, Қазақстанның әлемдік тарихтағы тарихи орны айқындалды.

Ендеше көне Тараз шаһарының тарихын зерттеуде үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне жеке-жеке тоқтала кетсек: алғашқылардың бірі болып, 1867 жылдары қаланы П. П. Лерх зерттесе, 1864 жылдары алғаш В. Каллаур «План крепости Аулие-ата» деген қала жоспарын жасап, өзінің қала туралы ой-тұжырымдарымен бөліседі. Одан кейін В.Лаврентьев «Схема бугров в черте города Аулие-ата» деген жазбасын жазады. Осы

жазда Тараз айналасындағы 50-ден астам (қала типтес) төбешіктер келтірілген. 1890 жылы шығыстанушы Е. Ф. Каль Әулие ата уезінің ескерткіштеріне зерттеу жүргізіп, қорғандар мен көптеген күзет мұнаралары туралы құнды деректер мен мәліметтер жинайды. Бірақ, осы Тараз қаласының дәл орнын табу қиындыққа соғып, әркім әртүрлі болжамдар айта бастайды. 1893–1894 жылдары Талас өңіріндегі қалаларды зерттеген шығыстанушы В. В. Бартольд ортағасырлық Тараз қаласының орны Әулие-ата қаласының орнында деп өзінің алғашқы тұжырымын жасайды. Бартольдтың ұсынысы бойынша 1927 жылы М. Массон Тараз қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді және тарихи деректер арқылы көне қаланың орнын дәл осы Әулие ата қаласының орнында екенін анықтайды. Одан кейінгі қазбалық зерттеуді 1936–1939 және 1979 жылдары Н. А. Бернштам бастаған археологиялық топ жүргізеді. Соғыс жылдарындағы осы ғылыми қазба зерттеудің барысында көптеген көне жәдігерлер мен өте керемет сәулет өнерінің бірі – Тараз моншасы табылады. Қаладан моншаның табылуы – Еуропалық ғалымдар үшін күтпеген әрі тосын жағдай болды. Себебі, олар көшпелі санайтын түркі халықтарының қала мәдениетін дамытқаны былай тұрсын, жанға шуақ сыйлайтын моншаның денсаулықты күтудің тазалық көзі екенін сонау ерте дәуірде-ақ білгеніне қайран қалғанын жасыра алмай таң қалысқан-ды. Нағыз мәдениеттің Түркі халықтарында жатқанына осы монша көздерін жеткізді. Сонда да мұндай ірі мәдениетті Түркі халықтарына қимаған орыс ғалымдары қаладағы мұндай өркениетті Парсылық, яғни үнді-иран өркениетіне теліп бағуға тырысты. Әйтсе де, ол шындықты жасыра алмай, қазіргі күні бұл мәдениет Түркі елдерінің жемісі екені нақтыланды.

Ежелгі Тараз қалашығында біраз жылдан бері археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, мыңдаған құнды жәдігер табылған. Ол дүниелер талай жылғы тарих жайлы тың мәлімет алып, бәймәлім болып келген жәйттардың бетін ашуға мүмкіндік бермекші. Негізінде, археологтар көне қалашықтың орнын алғаш 1890 жылы зерттеп бастаған. Бірде тоқтап, сосын қайта жалғасқан жұмыстар жалпы алғанда 24 жылды құрайды. Ал 2011–2017 жылдардан бері мамандар шаһарды жіті зерттеуге мықтап кірісті. Осы уақытқа дейін бұл маңнан 50 мыңнан астам түрлі заттар мен бөлшектер табылған. Құнды да бірегей жәдігерлер табылуының нәтижесінде Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында «Көне Тараз» музейін салтанатты түрде ашып, табылған жәдігерлер сонда орналастырылды.

Жәдігерлерге қарап, кешегі ата-бабаларымыздың кім болғанын, қандай өнерді меңгергенін, болмыстың қандай заңдылықтарын игергенін, олардың әсемдік пен сұлулыққа деген көзқарасы қандай деңгейде болғанын анық, айқын сеземіз, сезіп те отырмыз. Сонымен қатар қазіргі президентіміз Қ. К. Тоқаевта 2019 жылы «Көне Тараз» ашық аспан астындағы археологиялық саябаққа келіп, Ежелгі Тараз қалашығының тарихы мен

жәдігерлерімен танысуының өзі «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі үшін үлкен мәртебе.

Қорыта айтқанда, археология ғылымында қазақстандық ғалымдардың атқарған еңбегі зор. Сонымен қатар, ғалымдарымызды әлі де көптеген маңызды жұмыстар күтіп тұр. Бұл ретте, мемлекеттік деңгейде осы бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарын қолдау, тарихи орындарды барынша қорғау саясаты қарқынды жалғасқаны жөн. Сондай-ақ, тарихи орындарды ішкі және сыртқы туризмнің ошағына айналдыра алсақ, бұл экономикалық тұрғыдан да, идеялық-имидждік тұрғыдан да берері көп іс болмақ.

#### Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байпаков К. М., Таймагамбетов Ж. К. «Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов», Алматы: Қазақ университеті, 2006, 355 с.

2. «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және ҚРБҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы: 2011, 9 б.

3. Волин С. Л. Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 84 б.

4. Каллаур В. Әулие атадан батысқа қарай Шымкент уезінің шекарасына жүрген ескі Керуен жолындағы Әулие-ата уезінің ежелгі қоныстары. ПТКЛА ІҮ том, 1899, 53 б.

5. Лаврентьев В. Әулиеата қаласының шеңберінде жатқан төбелердің қысқаша тізімі. Ташкент, 1900. 39–45 бб.

6. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии М.1968, 33 с.

#### Конференцияға қатысушының өтініш үлгісі

Аты-жөні (толық)	Мадина Мананбайқызы Ибадильдаева
Мекеменің аты (толығымен)	«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорық
Қызметі	Ғылыми қызметкер
Баяндама (мақала) тақырыбы	Қазақстан археологиясының зерттеу тарихы мен бүгінгі дамуы
Ғылыми дәрежесі	«Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету» мамандығы бойынша ғылым магистрі
Байланыс телефоны	87786020403, 87056152375
Электрондық почта	madina27.91@mail.ru

Түркістан облысы  
«Ұлы Дала Елі орталығының»  
жоғарғы ғылыми қызметкері  
Данияров Бақыт Тілеуқабылұлы  
Нәзір Төрекұлов музейі филиалының  
меңгерушісі Жексенбаев Омар Абдуллаұлы

### **Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ жасау өнері.**

Қазақ қару-жарағының зерттелуі ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда әртүрлі мақсаттармен Қазақстанда болып, қазақтың тұрмыс салтын зерттеген орыс және еуропа зерттеушілері П.И.Рычков, Дж. Кестль, Т.Аткинсон, П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.И.Фальк, В.В.Радлов, А.И.Левшин, С.Б.Броневский, Б.Залесский және т.б. зерттеулерінде қазақ халқының қару-жарағына қатысты маңызды этнографиялық мәліметтер жинақталды. Бірақ, бұл авторлар көбіне қазақтар қолданған қару-жарақ түрлерін жалпы сипаттаумен ғана шектелді.

Қазақ қаруын шын мәнісінде этнографиялық тұрғыдан алғашқы зерттеушілердің бірі қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов еді. Дәстүрлі қоғамда өмір сүріп, соның бел ортасында өскен Шоқан өз еңбектерінде қазақтың дәстүрлі қару-жарағын зерттеудің басты бағыттарын анықтап, методикалық негізін салып кетті деуге болады. Оның «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде ХVІІІ-ХІХ ғғ. қазақтың суық және от қаруының түрлері, олардың типтері, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтеріледі және сол кездегі қолданыста болған нұсқалардан тікелей салынған суреттерін де береді [1]. Қазақ ғалымының еңбектерінің ғылыми құндылығы да осында. Өкінішке орай, бұл мәселелердің көпшілігі ғылымда өз жалғасын таппай, қазақ қару-жарағы тек бір аспектіде ғана, дәлірек айтқанда әскери істің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылып келді.

Қару-жарақ жасау өнері қазақтардың қару-жарақ жасау ісінің дамуын жетік көрсете алады. Дәстүрлі қару-жарақ жасау өндірісінде қолданылатын материалдар және технологиялар осы өнердің технологиялық процесін әр қырынан сипаттауға арналған. Қазақтардың қару-жарақ жасауға қолданған материалдары өздерінің мал шаруашылығынан алынатын өнімдер және Қазақстан аумағында өндірілетін шикізаттар мен табиғи материалдар — тері, сүйек, мүйіз, тарамыс, қара және түсті металдар, асыл тастар. Бұл материалдар физикалық қасиеттерімен өңделу технологиясына сәйкес қарудың түрлі функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды.

Қару - жаракты дайындау әдістерінің негізгі түрлері - соғу, құю, қалыптау әдістері. Дайындалған қару-жарактың негізгі функционалдық бөліктері әртүрлі тәсілдермен өңдеудің бірнеше кезеңдерінен өтеді. Өңделген қарулардың ағаш, мүйіз немесе сүйек саптары мықты болу үшін беріктеу әдістерімен күшейтілген. Қару-жаракты әшекейлеуде қазақ шеберлері алтынмен және күміспен қақтау, алтын жалату, алтынмен аптау, баспалау, сірке салу, қарала жүргізу әдістерін қолданған.

Қару-жарак өндірісінде қолданылатын дәстүрлі ұзындық және салмақ өлшем бірліктері, оның ішінде қару-жарак жасауда жиі қолданылатын ұзындық және салмақ өлшемдері саналды. Адам денесі бөліктерінің өлшемі негізге алынған ұзындық өлшем бірліктері елі, тұтам, қарыс, сүйем, кез, сай кез, құлаш деп аталды. Бұл дәстүрлі өлшемдер жүйесінің қару жасау ісінде қолданылуда екі маңыздылығын ерекше айту керек: бірінші, адам денесінің жеке бөліктерінің өзара және бүкіл денемен пропорциялық үйлесімділігі ескеріледі, екінші, бұл өлшем жүйесі арқылы әр жеке адамның дене құрылымына оның өз қаруының өлшемі сәйкестендіріледі.

Өткен ғасырларда шығыс елдерінде қолданылған ең төменгі салмақ өлшемі «мысқал», ал ең үлкен салмақ өлшемі «манн» (ман, мен) немесе «батман» болатын (қазақша «батпан» деп те атайды) [2]. «Батман» салмақ бірлігі ретінде әр елде әр заманда, әр кезеңде әртүрлі хандар мен шахтардың тұсында түрліше болып отыратын. Батпан өлшемі қазақ ұсталары үшін де қарудың салмағын анықтайтын өлшем бірлігі болды.

Қару-жарак жасаушы шеберлер арасында қазақтардың қару-жарак өндірісіндегі негізгі тұлға – темір ұстасы мен зергерлер және олардың кәсіби ерекшеліктері белгілі болған. Өткен ғасырларда қару-жарак жасаушы әртүрлі шеберлердің қазақ жерінде болғаны жазба деректерде айтылады [3]. Қазақ ұсталары мен зергерлері қару-жарактың барлық түрлерін жасағанын жазба деректер де, музейлік материалдар да, ауызша деректер де айғақтайды. ХІХ ғасырда көшпелі қазақ қоғамында кәсіпқой әскерилер әлеуметтік жігінің жоғалуы себепті қару-жаракқа тұрақты сұраныстың тоқтауы бірте-бірте оны жасаушылардың да қатарын сиретіп, дәстүрдің жоғалуына әкелді. Енді зергерлер тек әшекей бұйымдарды жасауға көшті, ал темір ұсталары тұрмыстық заттар жасаумен ғана айналысып кетті.

Қару-жаракта қолданылатын атаулар жүйесіндегі табу мен эвфемизмдер және олардың магиялық мәні туралы қазақ ауыз әдебиетінде батырлар ұстаған қарулардың, мысалы, қылыш, семсерлердің, оқтын тікелей атауларынан басқа «қиғыр», «қырқар», «кесер», «кескір», «сақ етер» деген сияқты атау-теңеулерінде жиі кездеседі. Түркі халықтарында аң аулау кезінде кәсіби саймандардың, құралдардың, қарулардың атын атауға да тыйым салынып, оларға да «құпия» жанама атаулар берілген. Мысалы, алтайлықтар да мылтықты «қуыс темір», балтаны «кеснер», пышақты «кестік» (қазақтың кездік сөзімен



салыстырыңыз) деп атаған [4]. Ш.Ш.Уәлиханов қазақтардың жорықта жол болып, іс оң болу үшін әр заттың атын атамай, *жасырын атау* қолданғанын, мысалы «түс» дегенді «қон», «бие» дегенді «айғыр», «саптыаяқты» -«жолдыаяқ» деп атағанын жазады [5]. Қарудың өз атауына тыйым салынып, оны эвфемистік жанама атаумен ауыстырудың бірнеше әдістері болды. Бірінші әдісі - заттың әрекеттік сипатын көрсететін сөзбен атау. Екінші жолы - *қарудың өз атауын оның жасалған материалының атауымен* ауыстыру. Үшінші жолы - қарудың өзіндік нақтылы атауын оның *бөлігінің атауымен ауыстыру*. Қарудың өз атауы біреу болса, оның магиялық атауы бірнеше болуы мүмкін.

Қару-жарақ атауларындағы дәстүрлі түстеуді қарастыру қару-жарақ атауларының құрамындағы түс атауының мәнін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Халықтық мәдениетте түс атауларының бірнеше: *тура, ауыспалы және қосымша, қосалқы* мағыналары бар. Қару-жарақ атауының құрамында да түстік ерекшеліктерді көрсететін сөздер осындай әртүрлі мағынада қолданылғанын көреміз: а)қару-жарақтың өзіндік заттық түсінің атауы, б)қару-жарақтың жасалу технологиясына байланысты қабылдайтын түстік ерекшелігіне байланысты атауы, в)қару-жарақтың типін анықтайтын атауы, г)қару-жарақтың әлеуметтік белгісі ретіндегі атауы, д)түрлі қосалқы мағынадағы атауы. Байқап қарасақ, түстік атаудың бірінші үш мәні технологиялық сипатына, соңғы екі мәні ритуалдық сипатымен байланысты. Өйткені, түстердің дәстүрлі мәдениеттегі символикасы мен жүйеленуі оның ғұрыптық мәнімен тығыз байланысты болды. Садақтың жеке жасалып, атылу арқылы жарақат салатын бөлігі - "оқ". Оқ түрлі материалдан жасалып, негізгі жарақат салуға арналған бөлігі - "жебе", жебе бекітілетін бөлігі -"сабы", оның ортасы-"белі", саптың жебе бекітілетін жағы - "басы" деп аталады. Оқтың жебесінің "қыры", "ұшы", сапқа орнатылатын "ұңғысы" не "жетесі" болады. "Адырна" атауы сияқты оқтың басты функционалды бөлігінің атауы - "жебе" сөзі де қазақ тілінде оқтың өз атауының орнына қолданыла береді. Оқтың сабын ағаштан (қайыңнан, талдан, тобылғыдан) жонып жасайды. Оқтың сабының түзулігі, жеңілдігі, беріктігі маңызды болғандықтан, оны жауынгерлер өздері жасаған, қазақтың "ата көрген оқ жонар" деген мәтелі содан қалған. Оқтың сабына әдетте, ашық жерде, күннің астында өскен ағаш пайдаланылды. Жоңылған оқтың сабын әбден кептіріп, су өтпес үшін майға бөктіріп, қайыңның тозымен орайды. Кейде оқ жеңіл болу үшін оқтың сабына қамыс та қолданылған.

Соғыста және аңшылықта әр түрлі мақсатта қолданатыны садақ оқтарының бірнеше түрлері болды. Оқтың қай мақсатқа қолданылуы оның жебесінің формасымен, Қазақ оқтары мен жебелер - жасалу материалымен анықталды. Типологиялық тұрғыдан талдау барысында қазақ оқтарының жебелерін жасалған материалына сәйкес — топқа, жебе басының формасына байланысты - типке, қимасына байланысты үлгіге, ал

ұзындығына байланысты — нұсқаға бөледі. Металл жебелердің I типі - жалпақ, екі қырлы жебе, қозының жауырынына ұқсас кескініне байланысты қазақтар оны "қозы жауырын" деп атайды. Кейбір қозыжауырындардың ұшы айыр болып жасалған, мұндай кескір жебелі оқты адамның, аңның дене мүшесін кесіп түсу үшін қолданған. II тип - сауыттарды тесуге арналған үшкір жебе. Осы қолданылуына байланысты оны қазақтар "сауыт бұзар" немесе "көбе бұзар" деп атаған. Бұл оқтар ауыз әдебиетінде жиі айтылады. Фольклорлық деректер мұндай жебелі оқты қазақ батырлары көбіне жекпе-жек атыста қолданғанын көрсетеді. Бұл жебе типінің төрт қырлы және үш қырлы екі үлгісі бар. Жебенің бұл типтері көшпелі халықтарда көне түркі заманынан бері қолданыста болды. Бұл жебелер түркі заманынан бергі археологиялық казбаларда тұрақты табылып отырса, көшпелілердің өнер ескерткіштерінде де олардың бейнелері кездеседі. Қазақ жебелері негізінен жетелі болып келеді. Темірден соғылған қазақ оқтарының кейбір жебелерінің жетесі ұшында бұранда болып жасалған. Жебе оқтың сабына жетесінен кіргізіліп, сабының бас жағы тарамыспен буылып, тозбен оралып сыртынан шырыппен жағылған. Фазаллах ибн Рузбихан қазақтардың «жебелерді қойдың қарнымен орағанын» да жазады. Қазақтар металл жебелерден басқа сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалған жебелерді де қолданды. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда қазақтарда темір жебелердің бірнеше жаңа типтері де пайда болғанын көреміз. Жебені I типі үш бұрышты жалпақ, биіктіктері - 5 см дейін. Бұл типті жебенің бір үлгісінде ортасында екі ойық салынған, биіктігі - 3,9 - см. II типті жебе - үшбұрыш формалы соғылған үш қырлы жебе, биіктіктері - 3,8 см. Қазақ жебесінің III типі - ромб формалы, екі қыры ойыс жасалған төрт қырлы жебе, биіктігі — 3,8-4,8 см. Бұл жебелі оқтар атылғанда қатты айналып ұшқан. Жебенің IV типі - басы үшкір емес, қимасы дөңгелен «доғал» жебе. Қазақтар жебесі осындай оқты «доғал оқ» деп атаған да, оны аңшылықта аңды, айқаста адамды өлтірмей, соғып құлату үшін қолданылатын. Қазақ оқтары екі, үш, төрт қанатты болып келеді. Оқ қанатына бүркіттің, құмайдың, күшігеннің қанат қауырсынын қолданған. Осы қанатының түріне, түсіне байланысты фольклорлық деректерде оқтың "күшіген жүнді оқ", "сары жүнді оқ" деген атаулары кездеседі. Жебенің әр түрін айыру үшін және меншік белгісі ретінде жауынгерлер оқ саптарының түп жағында, қанаттарының арасында қызыл, қара, жасыл түспен айыру белгілерін салған. Түсті белгілердің бірнеше типтері болды: жолақ, сызықша, дөңгелек, нүкте түріндегі белгілер. Ертеде атақты жауынгерлер өз оқтарын алтын, күміспен, өз таңбаларымен де белгілеген. Ауыз әдебиетінде хандардың, атақты батырлардың алтын, күміс оқтары жиі айтылады. Бұл - оқтың сабындағы түсті белгілердің оқтың иесінің әлеуметтік статусын көрсететін белгісі болғанын куәлайды.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылайтын болсақ қазақ қару-жарақтарының және оқтарының көптеген типтері мен

үлгілер болғанын көреміз. Археологиялық және иконографиялық материалдар олардың негізгі формалары көшпелі халықтарда орта ғасырларда пайда болғанын дәлелдейді. Қазақтардың садақ пен жебені жасауға қолданылған материалдары мен олардың жасалу технологиясы да көшпелі халықтарда байырғы заманнан бері қолданылып келе жатқан әдістер мен шаруашылығында өндірілетін және өздері өмір сүрген табиғи ортадан

алынатын шикізаттар: тері, мүйіз, сүйек, тарамыс, тоз және т.б. Бұл айтылғандар қазақтарда осы қару түрінің қолданылу және жасалу дәстүрінің тамыры тереңде жатқанын көрсетеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах / Редкол: А.Х. Маргулан и др. - Алма-Ата: Наука, 1972. - Т. 1. - Алма-Ата: Ғылым, 1972. - 778 с. (464-466).
2. Хинц В. Мусульманские меры и веса с переводом в метрическую систему. Давидович Е.А. Материалы по метрологии средневековой Средней Азии. - М.: Наука, 1970. - 146 с. (13-17, 94-95).
3. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы)...С.188-190.
4. Ахметов Ә.К- Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер... - 40 б.
5. Валиханов. Ч.Ч. Собрание сочинений...Т. 1.-484с.

## БОТАЙ ЖӘНЕ КРАСНЫЙ ЯР ҚОНЫСТАРЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН)<sup>1</sup>

**Түйіндеме.** Мақалада Ботай және Красный Яр қоныстарынан табылған жануар сүйектерін зерттеудің кейбір қорытындылары беріліп отыр. Барлығы 947 дана жануар сүйегіне археозоологиялық зерттеу жүргізіліп, 721 дана сүйек нақты түрге дейін анықталды. Osteологиялық материалдардың ішінде негізгі бөлікті жылқы сүйектері құрайды (74,9%). Зерттеу барысында құлан, бұлан, ит, құс және ірі жұптұяқты жануарға (*Bos* sp.) тиесілі қаңқа элементтері анықталды. Жылқылардың ішінде жартылай ересек және ересек жануарлар саны басым.

**Кілт сөздер:** Солтүстік Қазақстан, Ботай, Красный Яр, энеолит, жануар сүйектер, остеология, археозоология.

## НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ОСТЕОЛОГИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ ПОСЕЛЕНИЙ БОТАЙ И КРАСНЫЙ ЯР (СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН)

**Аннотация.** В статье приводятся некоторые результаты по изучению костных остатков животных, найденных в поселениях Ботай и Красный Яр. Всего изучено 947 костей, из которых определено до вида 721 кости. Среди остеологических материалов основную часть составляют кости лошадей (74,9%). В ходе исследования были выявлены скелетные элементы, принадлежащие кулану, лосю, собаке, птице и крупному парнокопытному животному (*Bos* sp.). Среди лошадей преобладают полувзрослые и взрослые особи.

**Ключевые слова:** Северо-Казахстан, Ботай, Красный Яр, энеолит, кости животных, остеология, археозоология.

Мыңдаған жылдар бойы Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі ежелгі тұрғындардың шаруашылығында сүтқоректі жануарлар негізгі рөл атқарды. Олар сондай-ақ тұрғындар үшін негізгі тамақ көзі болды және түрлі ғұрыптарда да пайдаланылды. Ежелгі дәуірлерге тән жануарлардың адамзат қоғамындағы рөлін бағалау олардың қалдықтарына тікелей негізделеді. Археологияда олардың көп бөлігі остеологиялық

---

<sup>1</sup> Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы бойынша №BR18574223 «Солтүстік Қазақстан мәдени-тарихи үдерістер контекстінде: тас дәуірінен этнографиялық кезеңге дейін» жобасы аясында орындалды.

материалдармен көрініс табатыны белгілі. Археологиялық ескерткіштердің әртүрлі типтерінен (елді мекендер, қорымдар және т.б.) табылған жануарлардың сүйек қалдықтарын археозоологиялық (морфологиялық) зерттеу ежелгі тұрғындардың шаруашылығы, аңшылық кәсіптерінің бағыттары, тағам рационының ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Ботай және Красный Яр қоныстарының остеологиялық материалдары бұған дейін археозоологиялық тұрғыдан зерттеліп, нәтижелері ғылыми айналымға енген (Ахинжанов, Макарова, Нурумов, 1992; Нурумов, Макарова, Кузнецова: 2009). Мақаланың негізгі мақсаты кейінгі жылдары табылған жануар сүйектерін зерттеудің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу және мәліметтер кешенін толықтыру болып табылады.

### **Материал және зерттеу әдістері**

Ботай қонысына 2017 және 2023 жылдары жүргізілген қазбадан табылған 316 дана сүтқоректі жануар және 1 құс сүйегі зерттеліп, оның 255 данасы нақты түрге ажыратылды. Красный Яр қонысынан (2022 жылғы қазба материалдары) табылған 632 дана сүйекке сараптама жасалып, 479 данасы нақты түрге дейін анықталды.

Жануарлардың қаңқа қалдықтарын талдау археозоологиялық зерттеулердің қалыптасқан әдістеріне сай жүргізілді. Остеологиялық материалдар – жануар түрлеріне, қаңқа элементтеріне, қаңқа бөліктеріне және жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылды.

Үй жануарларының жас ерекшеліктерін (жақ сүйектердегі тістердің өсу/жетілу үдерісі, түтікшелі сүйектердің эпифиздері және т.б.) анықтауда *Сильвер әдісі* (Silver, 1969: 283-302) қолданылды.

Сүйектерді жануар түрлеріне қарай ажыратуда А.И. Акаевскийдің жануарлар анатомиясына арналған әдістемелік еңбегі (Акаевский, 2005, с. 103-124), жеке қаңқа элементтерін сипаттауда К. Жаңабеков және Е. Мақашевтің жануарлар анатомиясына арналған еңбегі (Жаңабеков, Мақашев, 1996, с. 18-58) басшылыққа алынды. Жылқы сүйектерін морфометриялық зерттеуде А. Дриш (Driesch, 1976, p. 56-101) және В.Айзенманн (Eisenmann, 1988, p. 57, 65-67) еңбектері пайдаланылды.

Салыстырмалы-топографиялық әдіс негізінде үй жануарларының қаңқа бөліктерінің өзара қатынасы талданып, «бас сүйек», «жеке тістер», «кеуде», «аяқтың жоғарғы бөлігі» және «аяқтың төменгі бөлігі» деп жүйеленді. «Бас сүйек» бөлігіне бас сүйектің фрагменттері, төменгі жақ сүйек жатады. «Жеке тістерге» барлық жеке сақталған бүтін және фрагмент тістер енді. «Кеуде» бөлігіне омыртқалар, төс, құйымшақ және қабырғалар жатқызылды. «Аяқтың жоғарғы бөлігіне» жануардың «етті» бөлігі болып есептелетін жауырын, жамбас, тоқпан жілік, кәрі жілік, шынтақ сүйегі, сан және асықты жіліктер кіреді. «Аяқтың төменгі бөлігіне» жануардың «етсіз» бөлігі саналатын аралық сүйектер немесе карпальды және тарзальды

сүйектер, сесамоидты сүйектер, сирақ және фалангалар (тұсамыс, топай, түйяк) енеді.

Жануар сүйектері қазбаның барлық қабатынан кездеседі. Бұл ақпарат біздің ортақ остеологиялық кешенмен жұмыс жасап отырғанымызды көрсетеді.

### Зерттеу нәтижелері

*Ботай.* Археозоологиялық зерттеу жұмыстары Ботай қонысынан 2017 және 2023 жылдары табылған остеологиялық материалдарға жүргізілді. Қаңқа элементтерінің басым бөлігі бөлшектенген, әдеттегі «ас үй қалдықтары» болып табылады. Оның ішінде 115 дана жануар сүйегі 2017 жылы және 202 дана сүйек 2023 жылы табылған.

2017 жылы анықталған 115 дана остеологиялық материалдардың ішінде 108 дана – жылқы және 1 дана құс сүйегі таксономиялық деңгейге дейін ажыратылса, 6 дана сүйек анықтауға келмейтін сүтқоректілер (*Mammalia indet*) деп топталды.

2023 жылы табылған 202 дана қаңқа элементтерінің ішінде 145 дана – жылқы, 1 дана – бұлан сүйегі ажыратылса, 55 дана сүйек анықтауға келмейді (*Mammalia indet*). Олай болса, аталған екі жылдың қорытындысына сәйкес 317 дана жануар сүйегіне сараптама жасалып, оның ішінде 253 дана жылқы сүйегі, 1 дана құс сүйегі, 1 дана бұлан сүйегі анықталып отыр. Жалпы 61 дана сүйек анықтауға келмейтін сүтқоректілер тобына жатқызылды (кесте 1).

Түр	Ботай		Красный Яр	
	Абс.	%	Абс.	%
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	254/10	80,1	457/14	72,3
<i>Bos</i> sp. – Ірі қара?	0/0	0,0	13/2	1,9
Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	0/0	0,0	4/1	0,6
Құлан – <i>Equus hemionus</i>	0/0	0,0	2/1	0,3
Бұлан – <i>Alces alces</i>	1/1	0,3	1/1	0,2
Ит – <i>Canis familiaris</i>	0/0	0,0	1/1	0,2
Құс – <i>Aves indet</i>	1/1	0,3	1/1	0,2
Сүтқоректілер – <i>Mammalia indet</i>	61	19,2	153	24,2
Жиыны	317/12	100,0	632/21	100,0

Кесте 1. Ботай және Красный Яр қоныстарынан табылған жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы

Жануар сүйектерінің басым бөлігі қазбаның 50-60 см тереңдігінен анықталған. Аталған қабатта жылқы сүйектерімен қатар, бұланның қаңқа элементі де табылып отыр. Қазбаның 40-50 см тереңдігінен аздаған жылқы сүйектері және құсқа тиесілі сүйек табылды.

Жануар сүйектерін морфологиялық талдау барысында 254 дана жылқы сүйектерінің кемінде 10 бас жылқыға тиесілі екендігін көрсетті. Жылқының жеке сақталған тістері мен түтікшелі сүйектердің эпифиз жағдайларына жүргізілген зерттеулер, жануарлардың үш жас ерекшелігіне қарай топталатынын көрсетіп отыр. 10 бас жылқының 4-еуі ересек, 4-і жартылай ересек және 2 бас жас жануарлар (кесте 2).

Ботай			Красный Яр		
Жасы	абс.	%	Жасы	абс.	%
Ересек	4	10	1 жасқа дейін	1	7,1
Жартылай ересек	4	40,0	1-2 жас	2	14,3
Жас	2	20,0	2-3 жас	3	21,4
Жиыны	10	100,0	3-4 жас	4	28,6
			4-5 жас	4	28,6
			Жиыны	14	100,0

Кесте 2. Ботай және Красный Яр қоныстарынан табылған жылқылардың (сүйектерінің) жас ерекшелігі (2017, 2022 және 2023 жылғы қазба бойынша)

Қаңқа бөліктеріне жүргізілген зерттеу жұмыстары, жылқының аяқ бөлігінің дистальды элементтерінің жиі кездесетінін көрсетіп отыр. Оның ішінде метаподиялар, фалангалар және сесамоидты сүйектер құрайды. Дистальды бөлікке тиесілі элементтер бес бөлімнің ішінде 42,1% құрайды. Екінші орында аздаған айырмашылықпен, бас сүйекке тиесілі элементтер (жоғарғы және төменгі жақ сүйектер) кездесті (17,7%). Үшінші орында, жануардың «етті бөліктері» саналатын кеуде (омыртқа, қабырға) және аяқтың проксимальды бөлігінің элементтері басымдық танытып отыр (сәйкесінше 15,0% - 15,4%). Жақ сүйектердің альволярлы қатарынан ажырап, жеке сақталған тістер біздің зерттеу материалдарымыздың ішінде ең соңғы орында (9,8%).

Анықтауға келмейтін 61 дана жануар сүйектеріне жүргізілген морфологиялық зерттеулер (сүйек қабырғасының қалыңдығы мен сүйектің пішіні), барлығының да ірі сүтқоректілерге тиесілі екендігін көрсетті. Бұл нақты түрі анықталған жануар сүйектерімен толықтай сәйкестік тауып отыр.

*Красный Яр.* Археозоологиялық зерттеу жұмысына 2022 жылғы қазба жұмыстары кезінде табылған жануар сүйектері ұсынылды. Остеологиялық материалдарға сараптама жасау нәтижесінде, барлығы 632 дана жануар сүйегінің 479 данасы (72,3%) жануарлар классификациясының түрлі рангтеріне топталды. Жануар сүйектерінің басым бөлігі бөлшектенген яғни әдеттегі «ас үй қалдықтары» екені анық. Нақты түрі ажыратылған 479 дана сүйектің 457 данасы – жылқы (95,4%), (кесте 3) 13 данасы – ірі жұптұяқты (*Bos sp.*) (1,9%), 4 данасы – ірі қара (0,6%), 2 данасы құлан – (0,3%), 1 данасы

– бұлан (0,2%), 1 данасы – ит (0,2%) және 1 данасы – құс (0,2%). Красный Яр қонысының остеоматериалдарының ішінде 153 дана анықтауға келмейтін сірі сүтқоректілер деп топталды. Нақты түрі анықталған қаңқа элементтері мен анықтауға келмейтін сүйектердің барлығы дерлік ірі жануарларға тиесілі тиесілі болып отыр. Бұл көрсеткіш қоныс тұрғындарының шаруашылығында ірі сүтқоректілердің маңызды болғанын көрсетеді.


Қаңқа элементтері	Ботай		Красный Яр	
	*Б	Ф	Б	Ф
Бас сүйек – Cranium	0	5	0	5
Жоғарғы жақ – Maxilla	0	5	0	0
Төменгі жақ – Mandibula	0	33	0	13
Тіласты – Os hyoideum	0	2	0	3
Тіс – Dentes	10	15	122	54
Атлант – Atlas	0	1	1	3
Омыртқа – Vertebrae	0	21	2	7
Құйымшақ – Sacrum	1	0	0	0
Қабырға – Costae	0	15	0	35
Жауырын – Scapula	1	4	0	9
Тоқпан жілік – Humerus	1	5	0	6
Шынтақ – Ulna	0	3	0	5
Кәрі жілік – Radius	0	11	0	15
Жамбас – Os coxae	0	4	0	22
Сан жілік – Femur	0	6	0	17
Асықты жілік – Tibia	1	2	0	21
Тобық – Patella	0	0	0	1
Өкше – Calcaneus	0	0	1	4
Асық – Talus	0	1	7	2
Карпальды – Ossa tarsi	18	1	6	1
Тарзальды – Ossa carpi	2	0	3	1
Метаподия – Metapodium	0	6	0	4
Алдыңғы сирақ – Metacarpus	1	3	0	5
Артқы сирақ – Metatarsus	0	1	0	3
Грифельді – Mc2-4; Mt 2-4	63	1	0	11
1-ші фаланга – Phalanx 1	0	2	14	20
2-ші фаланга – Phalanx 2	0	2	21	3
3-ші фаланга – Phalanx 3	1	0	5	1
Ссесамойдты – Sesamoideum	6	0	2	0
Жиыны, дана	105	149	185	272
Барлығы %	41,3	58,7	40,0	60,0

\*Б – бүтін сүйектер; Ф - фрагменттер



Кесте 3. Жануар сүйектерінің қаңқа элементі бойынша құрамы мен саны

Жылқы – *Equus caballus*. Аталған жануарға кемінде 14 бас жануардан тарайтын 457 дана сүйек тиесілі. Сүйектердің ішінде 272 данасы (60%) бөлшектен. Қаңқа элементтерінің құрамында жеке сақталған бүтін және фрагмент түріндегі тістер құрайды. оның ішінде 122 дана тіс бүтін, 54 данасы жартылай сынған (сур. 1). Жалпы 176 жылқы тісінің 115 данасы жоғарғы жақ сүйекке (*maxilla*), 61 данасы төменгі жақ сүйекке (*mandibula*) тиесілі. Жылқы сүйектерінің басым бөлігі қазбаның 30-40 және 40-50 см қабаттарына кездесіп отыр. Аталған екі горизонт бойынша барлығы 159 дана жылқы сүйегі анықталған. 10-25 см тереңдік – сүйектердің (жылқы) ең аз табылғаны қабаты болып табылады.



Сур. 1. Красный Яр қонысынан табылған жылқы тістерінің сақталу дәрежесі (Ерохин, Бачура, 2011: 62-69)


Жас ерекшеліктері бойынша 14 бас жылқы бес топқа бөлінеді. 1 жасқа дейін – 1 бас жылқы, 1-2 жас аралығында – 2 бас жылқы, 2-3 жас аралығында – 3 бас жылқы, 3-4 жас аралығында 4 бас жылқы және 4-5 жас аралығында – 4 бас жылқы сойылған. Олай болса, біз зерттеп отырған материалдардың ішінде жартылай ересек және ересек жануарлар басым екендігін көреміз.

Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі емес, сүйек элементтерінің саны бойынша Ботай қонысынан айырмашылықтар бар (кесте 4). Мұнда жеке сақталған тістер ең көп кездесіп отыр (38,5%). Екінші орында аяқтың проксимальды (жамбас, жауырын, тоқпан, кәрі, сан және асықты жіліктер) және дистальды (метаподиялар, фалангалар) бөлігінің сүйектері (сәйкесінше 22,1% - 23,9%). Кеуде сүйектері саны жағынан үшінші орында (10,9%). Бас сүйек элементтері жалпы материалдардың ішінде аз кездесіп отыр (4,6%).

Қаңқа бөлігі	Ботай		Красный Яр		Жиыны	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
Бас сүйек	45	17,7	21	4,6	66	9,3
Тістер	25	9,8	176	38,5	201	28,3
Кеуде сүйектері	38	15,0	50	10,9	88	12,4
Проксимальды бөлік	39	15,4	101	22,1	140	19,7
Дистальды бөлік	107	42,1	109	23,9	216	30,4
Жиыны, дана	254	100,0	457	100,0	711	100,0

Кесте 4. Жылқының қаңқа бөліктерінің қатынасы

Жылқының бірқатар бүтін сақталған топай сүйектеріне (*phalanx 2*) остеометриялық зерттеулер жүргізілді (сур. 2). 2-ші суреттің А-В өлшемдерінен көріп отырғанымыздай, өлшемдер жиынтық түрінде және шашыраңқы орналасқан. А өлшемі (диафиз ені – SD) мен В өлшемінің (жалпы ұзындығы - GL) қосындысы бойынша анықталған мәліметтерде 2, 3-15 өлшемдері өзара жақын екендігі байқалады. Осындай жиынтықты 4, 16, 18 және 20 өлшемдерінен де көреміз. №12 өлшем басқа топай сүйектеріне қарағанда ең үлкені болып отыр. № 22-23 өлшемдері ең кішісі. С-D өлшемдерінде (С проксимальды ені (Вр) және D өлшемі дистальды ені (Вd)) № 15, 18 және 20 өлшемдерінен бір жиынтық көруге болады. Басқа өлшемдерде ортақ ұқсастық байқалмайды. Морфометриялық зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, жылқы сүйектерінің өлшемдерінде өзара ұқсастық аса көп болмағанымен, айырмашылықтары үлкен мәнге ие еместігін байқаймыз. Бұл мәліметтер жылқылардың типтерінде айтарлықтай ерешелік жоқтығын көрсетеді. Өлшемдердегі бірқатар айырмашылықтардың себептері жылқылардың жас ерекшелігі мен жыныстық диморфзмiне байланысты болуы мүмкін.



Сур. 2. Жылқының топай сүйегінің (phalanx 2) морфометриялық өлшемдері (А – диафиз ені (SD); В – жалпы ұзындығы (GL); С – проксимальды бөліктің ені (Bp); D – дистальды бөліктің ені (Bd).

*Bos sp.* Красный Яр қонысына 2022 жылы жүргізілген қазба барысында, А-1 шаршысынан 12 дана фрагмент түрінде бас сүйек элементтері кездесті. Сүйектердің морфологиялық белгілері ірі жұптұяқты жануарға тиесілі екендігін растайды. Қаңқа элементтерінің түсі қара-қоңыр, сүйекқаптары (*periosteum*) нашар сақталған.

Ірі қара – *Bos taurus*. А-4 шаршысының 40-50 см тереңдігінен 2 азу тіс (m3) жәнке А-2 шаршысының 40-50 см тереңдігінен асық (*talus*) сынығы анықталды. А-3 шаршысынан морфологиялық белгілері сиырға ұқсайтын 2-ші фаланга анықталды.

Құлан – *Equus caballus*. А-1 және А-2 шаршыларынан 2 дана құланға тиесілі тұяқ анықталды. Тұяқ буының ені (LF)<sup>2</sup> – 25,8 мм, жалпы биіктігі (ұзындығы) (GL) – 47,8 мм, буынның ұзындығы (BF) – 35,7 мм, дорсальды бетінің ұзындығы (Ld) – 47,8 мм.

Бұлан - *Alces alces*. А-1 шаршысынан бұланға тиесілі төменгі жақ сүйектің (*angulus mandibulae*) анықталды. Сүйекқабы (*periosteum*) жақсы сақталған төменгі жақ сүйекте альвеолярлы қатардың (*margo alveolaris*) соңғы бөлігіне (m3 шұңқыры) қарап, жақ сүйектің ересек жануарға тиесілі екендігін байқауға болады.

Ит – *Canis familiaris*. А-4 шаршысының 30-40 см тереңдігінен итке тиесілі азу тіс (*dentes canini*) табылды. Тістің тамыры (түбірі) толық жабылған яғни ересек итке тиесілі.

Құс – *Aves indet.* А-2 шаршысының 40-50 см тереңдігінен асықты жіліктің диафизі анықталды.

### Қорытынды

<sup>2</sup> Өлшемдердің аббревиатурасы – А.Дриш әдісіне сәйкес (Дриш, 1976, 101 р.)

Зерттеу жүргізілген сүйек материалдардың барлығы дерлік (99,5%) тұяқты жануарлар тиесілі. Оның ішінде басым бөлігін жылқы сүйектері (74,9%) құрайды. Сүйек саны бойынша екінші орында – жұптұяқты жануарлар. Жабайы жануарлардың сүйектері өте аз және тек «еті үшін» ауланатын түрлермен беріліп отыр.

Сүйек коллекциясының 70% бөлшектенген, бұл олардың «тағам қалдығы» болғанын растайды. Жылқылардың жас ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеулер жартылай ересек және ересек жануарлардың басымдығын көрсетті. Біздің зерттеу материалдарымызда өте кәрі жылқыға тиесілі сүйектер кездескен жоқ. Алайда 1 жасқа дейінгі жануар сүйегі анықталып отыр. Қаңқа бөліктері бойынша Ботай және Красный Яр қонысында айырмашылық бар. Ботайда жылқы аяғының төменгі бөлігінің элементтері көп кездессе, Красный Ярда жеке тістер басым. Әзірге бұл ерекшелікті түсіндіру қиын.

Археозоологиялық материалдардың көп бөлігінің тек бір жануар түріне тиесілі болуы, ежелгі тұрғындардың шаруашылығында жылқының үлкен рөл атқарғанын көрсетеді.

**Алғыс.** Остеологиялық материалдарға археозоологиялық зерттеу жүргізу және кейбір нәтижелерін жариялауға мүмкіндік берген «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры Шақшақов Қуаныш Ғибадатұлына және остеологиялық коллекциямен жұмыс жасауда көмек қолын созған музей қызметкерлеріне алғысымды білдіремін.

### Әдебиеттер

Акаевский А.И., Юдичев Ю.Ф., Селезнев С.Б. Анатомия домашних животных. – Москва, ООО «Аквариум-Принт». 2005. – 640 с.: ил.

Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. Алма-Ата: Ғылым, 1992. 217 с.

Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований: Сборник научных статей и методические рекомендации / Омск: Омский государственный университет, 2011. С. 62-69.

Жаңабеков К., Мақашев Е. Жануарлар анатомиясы. – Алматы, Білім. 1996. – 336 б.

Нурумов Т.Н., Макарова Л.А., Кузнецова Э.Ф. Описание остеологических остатков с поселений Ботай и Кеноткель // Ботайская культура. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. С. 406-435.

Driesch A.V. A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology Harvard University. 1976. Bulletin 1. 136 p.

Eisenmann V., Alberdi, M.-T., De Giuli, C. and Staesche, U. Studying fossil horses. Volume I. Methodology // Collected papers after the “New York International Hipparion Conference, 1981”; Leiden: Brill. 1988. P. 1-77.

Silver I.A. The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaeology. Basic books, Inc., Publishers. New York, 1969. P. 250-268.